

Байғанин ауданы аумағында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Ақтөбе облысы Байғанин ауданының әкімінің 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 17 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 желтоқсанда № 4645 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин ауданының әкімінің 2018 жылғы 14 наурыздағы № 6 шешімімен

"Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі 29.12.2015 ж.;
"Жем-Сағыз" 31.12.2015 ж. № 55 (7314)

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин ауданының әкімінің 14.03.2018 № 6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі 188-V "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, Байғанин ауданының әкімдігі жанындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия отырысының 2015 жылғы 6 желтоқсандағы № 2 хаттамасы негізінде, аудан аумағындағы елді мекендердің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету мақсатында Байғанин ауданының әкімі

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Байғанин ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып Байғанин ауданы әкімінің орынбасары А.Ерғалиев тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М.Аққабазов